

H. КЕНЖЕАХМЕТ

## ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ (ОРХОН) ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТОПОНИМДЕР

Орталық Азия мен Қазақстанның ежелгі территориясы мен табигаты жайындағы географиялық деректердің тамыры ықылым замандардың төрөн түкпірінде жатыр. Ежелгі парсы (Бехустин жазбасы), грек (Геродот, Страбон, Плиний, Птолемей), қытай (Сыма Цянь, Бан Гу) деректері атаптың территория жөнінде құнды деректер қалдыраса да, бірақ олардың енбектерінде қазақ жері шала-шарпы, тек Каспий, ішінәра Арап теніздері мен Сырдария өзенінің ауқымында ғана бейне-ленеді.

VI ғасырда Орталық Азия мен Қазақстанда Түрк империясы шаңырақ көтерді. Бұл империяның қол астына Тынық мұхиттан бастап Қара те-нізге дейін мекендереген барлық халықтар қарады.

Дәл осы тұста қытайдың географиялық енбектерінде ұлы бұрылыс болды. Ежелгі қытай тіліндегі топонимдік атауларда түркі компоненттері немесе соғды компоненттері көбейді. Қытайдың реңми тарихнамаларында болсын, жеке саяхатшылар жазған саяхатнамаларда болсын осы белгі айқындала түсті.

Ежелгі Түркі ескерткіштерінде аса құнды географиялық деректер қалды. Түркі қағандары мен айғұчылары өз ескерткіштерінде мемлекеттік саясат мұдделеріне байланысты, негізінен қол астына қараган халықтардың орналасуы мен әскери жорық маршруттары сипатындағы мағлұматтарды жазып қалдырыды. Ескерткіште шығыс, батыс, онтүстік, солтүстік жағында қоныстанған халықтар жөнінде, қалалар мен елді-мекендер және олардың түрган орындары жөнінде көбінес-көп көnlі болінді. Сайып келгенде, осының бәрі соғылар мен қытайларға өздерінің географиялық білімдерін көңейтуге септігін тигізді. Орта ғасырлық қытай географтары мен саяхатшылары орталық азияның жер-су аттары мен этнонимдерін тікелей түрктерден қабылдады. Мысалы, Қытайлар «тібет» (қытайша Тубо) этненимін түркілерден қабылдады<sup>1</sup>. Ал түркше топонимдердің көбін мағынасы бойынша қытайшаға баспа-бас аударды, мысалы, ежелгі қытай деректеріндегі Шуанхэны Екі –Өгіз деп санауға негіз береді<sup>2</sup>.

Ежелгі түркі ескерткіштерін географиялық түргыдан танып-блудің ерекше маңызы бар. Түркі дәүірінде орталық азияның елді мекендері туралы мағлұматтар араб, парсы, қытай жазбаларында пайда бола бастады, мұның өзі көне араб, парсы, қытай карталарының жарыққа шығуына септігін тигізді. Алайда түркі ескерткіштеріндегі топонимдердің көбі қазіргі зерттеушілерге түсініксіз болған жәйті бар, көне түркі ескерткіш-теріндегі топонимдердің сиррын ашатын қосалқы кілт көне қытай жазбаларында жатыр.

Түркі ескерткіштері деңгендеге, негізінен екінші түркі қағанаты кезіндегі Құлтегін, Білге қаған, Тонұқұқ, Онгин ескерткіштеріндегі топонимдер мақаламның тиегі болады.

Түркі ескерткіштерінің географиялық бейне-леуі басқалардан ерекшелесу, оларда топонимдер әскери жорық маршруты бойынша «төрт бұлғұға» бөліп орналастырылған. Ескерткіште әлемнің төрт бұрышы өнре күн тоғсық (шығыс) (Онгин, Құлтегін), кісре күн батысық (батыс), берійа (он-түстік), йырыя (солтүстік), немесе ілгеру (шығыс), біргеру (онтүстік), керу (құриғару) (батыс), йырығару (солтүстік) деп аталды.

### 1. Құлтегін (685–731 жж.) ескерткішіндегі эт-ненимдер мен топонимдер

Аталмыш ескерткіште отызға жуық топоним, оншакты ел, тайпа аты көзігеді. Осы топонимдердің көбі Білге қаған ескерткіші мен Тонұқұқ ескерткішінде қайталанады.

Мәтін мазмұны бойынша, Бұмын қаған мен Истеми қағанының жаназасына елші жіберген елдердің тізімдігі беріледі: «Juuyu suy utiu цүгे къын туысыqda bokli, ицлгил, табай, тұрут, apar, purum, qұrqуз, ьи-qиғуқан, otuz-tatar, qytan, tataby binua bodun kelipen syttamys<sup>2</sup> jyylamys<sup>2</sup>» (КТб4).

**Беклі** Күн шығыстағы Беклі елінен елші келеді. Көне түркіше Беклі «mug-lig» атауынан шыққан. Мұгліг қазіргі Корея түбегіндегі ежелгі ел. Тан Лиян құрастырылған «Санскритше терминдер» атты енбекте қытай тіліндегі Гаогули (Когуре)ді «Мукури» деп

<sup>1</sup> Инь Вэйсянь: «Вэй-у-эр-зу хэ Заньзу лиши гуаньси янцзю» («Үйғырлар мен Тибеттердің тарихи қарым-қатынасы туралы зерттеулер»). Ганьсу мәдениет базасы, 19996. С. 36.

<sup>2</sup> Кенжесеахметұлы Н. К вопросу о локализации средневековых городов Пулада и Ики-Огуза // Изв. НАН РК. 2008. №1.

атаған.<sup>3</sup> «М» дыбысының «Б» дыбысына өзгеруі табиғи құбылыс.

**Чөлгіл Бекліден** кейін мәтінде «Чөлгіл» немесе «Үчөлгіл» деген ел кезігеді. Бірсызыра ғалымдар, мәтінде қосарланған «л» әрпі жоқ болса да, оны «Чөлліг ел» деп оқып жүр. С. Е. Малов оны «Беклі Чөл(л)іг іл» деп оқып, «народ степи Беклийской» деп аударады.<sup>4</sup> Франсуз түркологы Р. Жиро «Чөлліг елді» «шөлдегі ел» деп түсінді-реді.<sup>5</sup>

Көне қытай тілінде жазылған «Кидан мемлекетінің шежіресі» 22 томында «юй цзюе», «юй цзюе ли» деген этноним кезігеді. Аталмыш этноним «Кидан тарихы. География баянында» «юй цзюе», «Кидан тарихы. Тайзудың өмір баянында» «юй гу ли», «Сян лу чжидә» «юй цзюе луй» деп хатталады.

Қытай деректеріне сүйенсек, Жужан хандарының тегі «юй цзюе луй» болған. «Солтүстік патшалықтар тарихы. Жужан шежіресінде» жазылуынша, Солтүстік патшалық Тяньбао жылнамасының 5 жылы (жыл санауымыздың 554 жыл-лы) Гао Сян деген генерал Цзинъяннан (қазіргі Шаньси провинциясындағы Тайюань қаласы) мындан астам салт атты сарбаздарын бастап Хуанъчжоудағы (қазіргі Ішкі Монголда) Жужандарға шабуыл жасайды да, Жужан ханын тұтқындауды, оның елі алысқа көшіп кетеді. Сондықтан, «Чөлгіл» немесе «Үчөлгіл» елі жужан хандарының елі немесе жужан этнонимін түркіше аталауы. «Жужан» атауы қытайша Жоужуан, Жужу («Вэй патшалығының тарихы»), Жуйжуй («Сун патшалығының тарихы», «Ци патшалығының тарихы») Жужу («Суй патшалығының тарихы. Түрік баяны») дын баспа-бас транскрипциясы, осы атаулар «Чөлгілдің» дыбыстық транскрипциясы, мағынасы иероглифтен көрініп тұр. Ал батыс ғалымдары жужандарды «авар» деп атап жүр. Ал Құлтегін ескерткішінде батыстағы «апар» елі сөз болады.

Құлтегін ескерткішіндегі осы этнонимдер сағат стрелкасы бойынша қатаң тәртіппен орналасқан, жоғарыдағы екі елден (олар Түркілердің тұра шығысында, сағат стрелкасы бойынша 3 бас-талаатын тұста) кейін: Табғач, Тұптут, Апар, Пұрұм, Қырқызы, Үч Құрықан, Отыз Татар, Қытан, Татаби. Сағаттың центре – Түркі елінің жүргегі Өтүкен йыш.

**Табғач** Табғачтар Түркілердің оңтүстігіндегі

Тан патшалығын мензейді.

**Апар** Түркілердің оңтүстік батысындағы қазіргі Ауғанстанның солтүстік шығысындағы Құндызды мензейді. Құндыз қытай деректерінде Хого ( «Да Тан Сиой цзи») Эхуаньчэн («Көне Таңнама. География баяны») Ахуань («Жана Таңнама. География баяны») Ахуан ( «Тайпин хуаньюй цзи») деп хатталады, ол әрі қаланың аты, әрі қала мемлекетінің аты, Апардың дыбыстық аудармасы. Араб деректеріндегі Варвализ Апарды мензейді.<sup>6</sup>

**Пұрұм** Шығыс Рим империясын, жүйеден Жерорта теңізі жағалауындағы елдерді мензейді. «Суй патшалығы тарихы», «Таң патшалығы тарихында» Фулин деп хатталады.

**Татаби** Татабилер қытай деректерінде («Вэйшу») «ди ду юй» түрінде кезігеді. Дунъхуаннан табылған көне Тибет документінде Р.Т.1283 Үлкен Хинган тауының батыс жағына орналасқан этностар женінде мынадай құнды дерек кезігеді: кидандардың «шығысында Татабилер(Dad-pui), ен солтүстік жағына Йер Байырқұлар (Ga-ra-byi-ger) орналасқан. Олар тұрған таулар биік, жер жағдайы киын, үй хайуандарынан тек шошқа ғана бағылады».<sup>7</sup>

**Йер Байырқұл** Құлтегін, Білге қаған мәтініне сүйенсек, Йер Байырқұлар Түркілердің солтүстігіндегі ел: «Juryaru jir bajyrqu jiriже tegi svedim» (КТм 4); «Anda kisre jir Bajyrqu uluy irkin jayu boldy» (КТб 34). Тибет документіне сүйенсек, Байырқұ этнонимін алдындағы «йер» аймақ, алапты мензейтін «жер» мағынасында емес, қайта сол этностың орналасқан бағытын бейнелейтін сын есім сыйқты. Ежелгі Түркілер солтүстікті «йыр» немесе «кара» деп атады, сонда «Йыр Байырқұл» дегеніміз «Солтүстік Байырқұл» деген мағына береді. Ал қытай деректерінде Байырқұлар Ба-ис-гу түрінде кезігеді. Осы Байырқұлар Мочо қағаннаның (Қапаған қаған) басын алып, қытайларға тарту етеді. «Цзычжи тунцзянь» («Всеобщее обозрение, управлению помогающее») 211 бумасында былай делінген: «Кай юань жылнамасының 4 жыл-лы (716 ж) Байырқұлар Түрік қағаны Мочоның басын алып тарту етті. Сол кезде Мочо солтүс-тікте Байырқұларға соккы беріп, Түрла өзенінде оларды ойрандап, женіспен оралған жо-

<sup>3</sup> Цэнь Чжунмянь, Туцзюе цзиши, Чжунхуа шуцзюй, 1958. ЭС. 892-893.

<sup>4</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности – Тексты и исследования. М.: Л., 1951. С. 29-36.

<sup>5</sup> Rene Giraud. L' Empire Des Tures Celestes: des Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga ( 680–734 ). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 186.

<sup>6</sup> Фэн Чэнцзунь. Сиой димин («Батыс өнірдің жер-су аттары»). Чжунхуа шуцзюй, 1982. С. 103.

<sup>7</sup> Ван Яо, Дунъхуан Тубо вэнсяньюсюань. Чэнду. Сычуань минзу чубанышэ, 1983. С. 162-163.

лында, қапылыста Байыркү Сәчжилөнің тұтқыл шабуылына тап болады, орманнан кенет тап берген ол(Мочоның) басын алады».<sup>8</sup>

**Тұргі Йарғұн көл** Құлтегін ескерткішінде Тұргі Йарғұн көлде(КТб 34) Байыркұларды талқандайды. Аталмыш топонимнің алдынғы бөлігі «тұргі» немесе «төргі» сын есім, «жоғары», «төргі» деген мағынаны береді. Ал «Йарғұн» топоними қазір «Аргұн» түрінде кезігетін өзенің атымен байланысты. Аргұн өзені мен Керулен өзені осы көлге құяды, қытайша «Хулун», монгұлаша «Далай нор» деп аталағын осы көл Қытайдың солтүстік шығысында Ресеймен, Монголиямен шекараласқан аймақта жатыр. Француз түркологы Rene Giraud Тұргі Йарғұн көлді Хулун көлі болуы мүмкін деп жорамал жасайды.<sup>9</sup>

Аргұнның көл аты болғанын дәлелдейтін Г. Ф. Миллердің дерегі бар. 1735 жылы Аргұн көліне сапарлай келген Г. Ф. Миллер осы өнір туралы «О древних памятниках в уездах Селенгинском и Нерчинском» деген мақала жазғаны мәлім. «В 12 верстах ниже города Цурухайту, — деп жазады Миллер, — в Аргунь впадает реке Ган, а в версте, если не меньше, ниже Гана, с той же стороны в Аргунь впадает река Хаул»<sup>10</sup>.

**Йашыл өгүз** Құлтегін ескерткішінде «Eiim qayan birle ilgerъ jaryl ығыз pandu жаюqa tegi sъledimiz. Quryuqar temir qарууqа tegi sъledimiz. Күгімен ая qy[urguz jirine tegi sъledimiz]» (КТб 17) деген сөйлемдер кезігеді.

Йашыл өгүзді қазіргі Хуанхэ өзені екенін түркологтардың бәрі құптаиды, осы арада ескерте кететін бір жайт, «Йашыл» сөзі түс-бояуды білдіретін «жасыл» мағынасында емес, «жазыл» немесе «жосылу» мағынасын береді. Махмұд Қашкари «Йасул» сөзін «жайпак», «жатаған» деп түсіндіреді.<sup>11</sup> Жосылып шығысқа аккан осы өзенді Түркілер «Йашыл өгүз» деп атады.

**Шантұң язы** Шантун жазығы қазіргі Хәбей жазығын мензесе керек. «Шантұңның» қытайша мағынасы «таудың шығысы», ал «Шантұң» жазығы

Тайханшань тауының шығысындағы жазықты немесе қазіргі Хәбей жазығын мензейді, бірсынырағалымдар оны қазіргі «Шаньдуң» провинциясы тұрған жер деп жүр.

**Қадырқан йыш** туралы Құлтегін ескерткішінде былай жазылады: «Ilgerъ qadyrqaн jуruу ара bodunуу аниа qonturtymuz» (КТб21).

Түркологтардың зерттеуінше, «Қадырқан йышы» қазіргі Улкен Хинган тауы.<sup>12</sup> Түркі ескерткіштерінде Қадырқан мен қатар Өтүкен тауы хатталады.

Өтүкен тауы Тыва республикасының солтүс-тік батысында.

Құлтегіннің Түркештерге қарсы шайқасында Алтұн йыш (КТб36), Ертіс өгүз (КТб37), Болчұ (КТб37), Табар (КТб38), Йінчұ өгүз (КТб39), Кенрес( КТб39), т.б. топонимдер, этнонider кездеседі. Алтын йыштың қазіргі Алтай тауы екенін, Ертіс өгүздің қазіргі Ертіс өзені екенін түркологтар бірауыздан құптаиды. Болчұ, Табар, Йінчұ өгүз, Кенрес жөнінде түркологтардың тұжырымы әркилес.

**Болчұ** Жыл санауымыздың 708 жылы Түркеш Согы өзін қаған деп жарялап, Батыс Турікқағанатының территориясына билік жүгізеді. Ю. А. Зуев Согыға «Сакла» деп реконструкция жасайды, оған манихейлік есім деп түсінік береді.<sup>13</sup>

Тонқұқ ескерткішінде Қапағанның Түркештерге жасаған жорығы туралы құнды дерек қайталанады: «anta jeriki suq basly sordaq bodun qop kelti» (Тон 46). С. Е. Малов мұны «Согдийский народ во главе с Суком (?)» деп күмәнмен аударады.<sup>14</sup> Ал Қаржаябай Сартқожа «ашұқ башлығ» деп оқи-ды да, «басына сәлде ораған» деп түсінік береді.<sup>15</sup>

Жыл санауымыздың VIII ғасырындағы Орта Азия мен Қазақстан тарихы аумалы-төкпелі болғаны ғылымға мәлім, арабтар (Құтайба) ислам дінін тарату үшін Согдиананы басып, Сырдария бойына дейін жетті<sup>16</sup>, негізінен Зороастризмді тұтынған соғылар топ-тобымен Талас пен Шу алабына, одан Жетісү өніріне жөнкіле көшті, бұл олардың екінші

<sup>8</sup> Ян Шэнминь комментарисын жасаған: «Цзы – чжи-тун-цзянь Ту цзюе хүйхэ шиляо цзяо чжу» (Цзы – чжи- тун-цзяньдагы Тұркі, Үйгыр тарихи деректеріне комментарий). Тяньцзинь гүзі баспасы, 1992. С. 192.

<sup>9</sup> Rene Giraud. L' Empire Des Tures Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734). Contribution a L' histoire des Tures d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 185.

<sup>10</sup> Миллер Г.Ф. История Сибирии. М.; Л., 1937–1941. Т. 1-2. С. 514-516.

<sup>11</sup> Махмұд ал-Қашқари. Диван Лугат ат-Түрк. Алматы, 2005. С. 754.

<sup>12</sup> «Древнетюркский словарь». Л., 1969. С. 403.

<sup>13</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 144.

<sup>14</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности – Тексты и исследования. М.; Л., 1951. С. 64-69.

рет атальыш өнірге қоныс аударуы болып табылады<sup>17</sup>. Олардың исламға қарсы одақтасы түркештер болды.<sup>18</sup> Исламнан қашқан соғылардың басына сәлде орауы тарихи шындыққа жана спайды. Осы соғылар Түркеш қаға-натының қол астына қаралды. Қытай деректе-ріндегі Түркештердің қағаны Согы түркі ескерткіштерінде «Сүк» деп айтуға негіз бар. Түркі ескерткіштерінде мәлім бір адамның бастауындағы топқа әдette «башлаю» деген етістік қолданылатыны мәлім. Мәселен, «Eki pad ulaju ini jijynim oylanum, beglerim, bodunum, күзі қару jablaq boltau tip saqyndym. Juuyu suyyutu qytaj, tataby bodun baplaju Udar seңел kelti. Tabayai qaýanda Isji likeң kelti» (КТБ 51-52).

Түркілердің Түркештерге қарсы соғысы туралы қытай деректері былай хабарлайды: «Түркеш қағаны Шоучжунның (Шоучжун – Түркеш қағаны Согының қытай деректеріндегі лауазымы – Н. Кенжеахмет) інісі Чжэну өзіне бөлінген тайпалардың ағасынан аз болғандығына әкпелеп, Түріктерге кетеді де, оларды бастап Шоучжунға жаза жорығын жасайды. Мочо (Қапаған – Н. Кенжеахмет) 20 мың әскер бастап шабуыл жасап, Шоучжунды тұтқындалап, еліне қайтады».<sup>19</sup> Осы реткі әскери жорық туралы Құлтегін ескерткішінде Түркеш қағанының «өлтірдік» (КТБ38) деп жазылса, Тонұқұқ ескерткішінде Түркеш қағанының «тұтқындаудык» (Тон 41) дейді. Түркі ескерткіштеріндегі Түркеш қағанының өлі-тірісі туралы ақпар бірсынтыра ғалымдарды ойға салғаны мәлім. Ю. А. Зуев: «в битве при Болчу правивший тогда Сакал-каган (Согы – Н. Кенжеахмет) не погиб. Не был он и казнен. Казнено было лишь его имя Сакал, но осталось другое – Шоучжун, под которым он и встретил свою кончину в 715 г.» деп қате тұжырым жасайды<sup>20</sup>. Қытай деректеріне сүйенсек, Түркеш қағанының тұтқындаған Қапаған оның інісі Чжэнуға: «сен ағаңмен шығыса алмапсың, маған қайтып шын пейілмен берілмексін»

дейді де, екеуінің де басын алады («Таң патшалығының қөне тарихы. Түрік баяны II»).

Осы реткі шайқас Болчуда болды. Болчу то-понимі Күлтегін(КТБ37), Білге қаған (БК28) және Тонұқұқ(Тон35) ескерткішінде кезігуден сырт, қөне үйғыр жазуымен жазылған Улаанком ескерткішінде өзен аты ретінде кезігеді (У5)<sup>21</sup>.

Р. Жиро Болчуды Жұнғар ойпатындағы Үліңгір көлінің маңындағы Булуң-Тохой дейді әрі «Пул» Иран тілінде «қөпір», «жү» «өзен» деген мағына береді, оған «і» әрпі косылып, «өзендерігі қөпір» деген мағынадағы «пул-і-жү» сөзі жасалған, кейін фонетикалық өзгеріске ұшырап «Болчу» болған деген тұжырым жасайды.<sup>22</sup> Орталық Азияда өзеннің, қаланың, тайпаның аты бір-біріне алмаса беретіні табиғи құбылыс, мәлім өзеннің бойындағы қала сол өзеннің атымен немесе сол арада өмір сүретін этникалық топтың атымен атала береді. Мысалы, Талас, Ұйғырбалық.

«Таң патшалығының қөне тарихы. География баянындағы» деректерге жүгінсек, жыл санауымыздың 657 жылы Таң патшалығы үш Қарлық жерінде Иньшань, Дамо, Сюаньчи басқару меке-месін құрғандығы мәлім. Иньшан тауы қазіргі Шынжаңның батысындағы Борохоро тауы<sup>23</sup>. Қарлықтардың Моула немесе Булачжи деген тайпасы осы мекеменің басқаруында болды. Болчу атауын қарлықтардың осы тайпа атымен шендес-тіруге болады. Борохоро тауының солтүстігінде Боротала өзені бар, өзеннің төмөнгі ағарында ортағасырлық Болат қаласының қирандысы жатыр.<sup>24</sup> Болат ежелгі Болчуның фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрі болуы мүмкін.

Біздің пікірімізді дәлелдейтін тағы бір айғақ, Тонұқұқ ескерткішінде кезігетін «Ярыш йазы» жазығы (Тон36). Р. Жиро Ярыш язы Жұнғар ойпаты деп тұжырымдайды. Ал ежелгі Болат қаласы Жұнғар ойпатының батысындағы Эбінұр көлінің

<sup>15</sup> Қаржасубай Сартқожса. Орхон мұралары. Құлтегін, 2003. 277 б.

<sup>16</sup> Gibb H. A. R. The Arab Conquests in Central Asia. London, 1923. P. 31.

<sup>17</sup> Кенжеахмет Нұрлан. Сүйіл археологиясы және Қытай мен Батыс арасындағы мәдени қарым-қатынас: док. дис. Пекин университеті, 2007.

<sup>18</sup> Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. СПб., 2006. С. 360.

<sup>19</sup> Ян Шэнминь комментарийын жасаған: «Цзы – чжи-тун-цзянь Ту цзюе хүэйхэ шиляо цзяо чжу» (Цзы – чжи-тун-цзяньдағы Түркі, Ұйғыр тарихи деректеріне комментарий). Тяньцзинь гүзір гүзір баспасы, 1992. С. 189.

<sup>20</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрок: очерки истории и идеологии. 2002. С. 219.

<sup>21</sup> Щербак А.М. Тюркская runica. Происхождение древнейшей письменности тюрок. СПб., 2001. С. 125.

<sup>22</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 179.

<sup>23</sup> Малиякин А.Г. Историческая география Центральной Азии. Новосибирск, 1981. С. 186.

манында, Жұнғар қақпасынан көктей өткен Құлтегін жасағы Болчуда (Болатта) Түр-кештермен қанды соғыс жасайды.

**Табар** Болчудағы шайқастан кейін, қара түркеш халқын Табарда қондырады. Құлтегін ескерткішінде осы жер өшкін болғандықтан, С. Е. Малов осы топонимді жақшаның ішіне жазады (КТ638). Ю. А. Зуев осы топонимді Талас деп жанғыртады<sup>25</sup>. Түркі руникасында «б» мен «л», «р» мен «с» әріп-терінің пішіні ұқсастау болғандықтан, Зуев реконструкцияны дұрыс-бұрыстығын қайта қараша керек. Өйткені түп нұсқада осы руникалар айна қатесіз «Табар» деп жазулы тұр.

**Йінчұ өгүз** Осыдан соң Кек түріктер Йінчұ өгүзді кешіп, Темір қапығқа дейін барады. Фалымдар бірауыдан Йінчұ өгізді Сырдария деп кесім жасайды<sup>26</sup>.

Таң патшалығы дәуірінде қытайлар Орта Азия мен Орталық Азияның топонимдерін тікелей түркілерден алғаны қытайша деректерден белгілі. Қытай дереккөздерінен пайдаланып Орталық Азия-ның топонимдерін қалпына келтіруге болады.

Мәселен, Түркі ескерткіштеріндегі «Ертіс өгүз» «Таң патшалығының жаңа тарихы. Батыс Түрік баянында» «е-чики» түрінде көзігеді, бұл әрине қытай тілінің қазіргі дыбысталуы бойынша оқылуы, ортағасырлық қытай тілінің дыбыстық ережесі бойынша «Елтіс» болып оқылуға тиіс.

Таң патшалығы дәуірінде, қытай деректерінде, қазіргі Нарын өзенін Йінчұ өгіз деп атады. «Таң патшалығының жаңа тарихы. География баянында» Цзя Данының Кучанын батыс солтүстігіндегі елдер турали жазған мынадай дерегі бар: «Аньсиден (Кучадан) батысқа қарай Чәкүр қамалынан жолға шыққаннан кейін Баймахә өзенінен (Аксу өзені) өтіп, одан әрі қарай 180 ли жол жүрген кезде Куйбило шөліне жетуге болады ... 30 шақырым жүрген соң Йінчұ өзенінен өтеміз.... Ыстықкөлге жеткен соң 80 шақырым жүрсек таудан шығып Шу алауына ілінеміз, 80 шақырым басып Баласағұнға, одан батысқа қарай тағы 40 шақырым жүріп Суяб қаласына жетеміз, қаланың солтүстігінде Шу өзені

ағып жатыр, өзеннің солтүстігінде 40 шақырым жерде Цзедань тауы бар, он оқ қағандары әр рет осы тауда елағаларын сайлайды. Суябтан батысқа 10 шақырым жүрсек Пенжикентке (Мигочэн) жетеміз». Аталмыш Йінчұ өзені туралы «Таң патшалығының жаңа тарихы. Батыс өнір баяны» Шаш ел тарауын-да: «онтүстік батысында Яксарт өзені бар, қытай жеріндегі бөлігі Йінчұ өзені деп аталауды, осы өзен Чжи(Сыр) өзені деп те аталауды» дедінген.

Орталық Азиядағы жер-су аттарының бірнеше аталымы болған, тек Сейхун деген өзеннен бірнешеуі бар.

«Таң патшалығының жаңа тарихы. География баяны» 40 бұмасында: «Чэлин асуынан аскан соң Кенүт қаласына жетеміз. Сейхун өзені мен Чжэши-ми қаласын басып, Иле өзенінен өткен соң (Иле өзеннің тағы бір аты Диди өзені), Суяб шекарасына аяғымыз ілінеді. Батысқа мың шақырым жүрсек Суяб қаласына жетеміз, (осы арадағы) өзен солтүстікке ағып құмға және Ибо тенізіне құяды».

Мәтіндегі Сейхун өзені қазіргі Иле өзенінің жоғары ағарындағы Қас өзенін мензейді. Махмұд Қашқарида аталмыш өзен «Қаз суы» деп аталауды.

Қытайдың Юань патшалығы дәуіріндегі деректерде е-юнь-чи, Джувейніде Яфинг<sup>27</sup>, ал Махмұд Қашқаридан Йафинч<sup>28</sup> өзені кездеседі. Махмұд Қашқаридің дерегі бойынша, Иле өзені мен Йафинч өзенінің аралығында Икі өгүз қаласы бар. Икі Өгүз туралы Людовик ....-ның монғұл ханы Мөңкеге жіберген елшісі Вильгельм де Рубрук мынадай егжей-тегжейлі мәлімет береді: «Через несколько дней мы въехали в горы, на которых обычно живут Каракитай, и нашли там большую реку, через которую нам надлежало переправиться судне. После этого мы въехали в одну долину, где увидели какой-то разрушенный замок, стены которого были только из глины, и земля там была возделена. После этого мы нашли некий хороший город по имени Equius(Эквиус), в котором жили сарацины, говорящие по-персидски, хотя они были очень далеки от Персии»<sup>29</sup>.

К. М. Байпақов Эквиусты ( Икі Өгүз) Көксу

<sup>24</sup> Кенжеахметулы Н. К вопросу о локализации средневековых городов Пулада и Ики-Огуда // Изв. НАН РК. 2008. №1.

<sup>25</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 173.

<sup>26</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 180; Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. СПб., 2003. С. 188-197.

<sup>27</sup> Ala ad-Din Ata-Malik Juvaini. The history of the world conqueror. 1958. V. 1. P. 356.

<sup>28</sup> Махмұд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Түрк. Алматы, 2005. С. 94.

өзенінің оң жағалауындағы Балпықби ауылы аумағындағы Дунгене қалашығымен байланыстырады. Атамыш қаланың қирандысы қазіргі Талдықорғанның батысында 30 км жерде<sup>30</sup>. Кезінде Минорский Йафинч өзенін Қаратал өзені деп тұжырымдан<sup>31</sup>.

В. В. Бартольд Рубруктың естелігіне талдау жасап, *Equius*(Эквиус)ты Іле өзенінен 30 км қашықтықтағы Чингилді қирандысымен байланыстырады,<sup>32</sup> А. Н. Бернштам Бартольдтың пікірін жақтайды<sup>33</sup>.

Махмұд Қашқаридың дөнгелек картасында Йафинч өзені Іле өзенінің батыс немесе онтүстік жағындағы бір саласы, Таластың шығысында.

Жоғарыдағы деректерге сүйенсек Түркі ескерткіштеріндегі Йінчұ өгүзі Йафинч өзенін мензейді. Түріктер Сырдарияға жорық жасамаған, Сырдария қытай деректері «Суй шу» («Суй патшалығының тарихы») мен «Синь Тан шуда» («Жана Таңнама») «Яо ша шуй» деп хатталған, бұл ерине Яксарттың дыбыстық аудармасы.

Белгілі согдолог В.И.Лившиц «Древние названия Сырдарии» атты мақаласында Яксарт этимологиясына жан-жақтылы талдау жасап, Макварттың қытай деректеріндегі Чжэнъчикухэ «Жемчужная река» негізінде жасаған қорытындысына тойтарыс береді, ары оның мағынасы Інжу (Жемчуг) емес екенін тілге тиек етіп, Увхратів – «струящаяся, плескающая (река)» деген қорытынды жасайды.<sup>34</sup>

Яксарттың енді бір аты Хожент. Қытай деректерінде монғұл дәүірі тұсында атамыш өзен «Хучжан» түрінде көзіgedі.<sup>35</sup>

Түркілердің Сырдарияны асып жорық жасаған туралы дерек еш жерден көзікпейді. 712-714 жылдары Согдианадағы арабтарға карсы қозғалыста Фатуфарнның Шаш билеушісіне: «И господин, я потому дальше не могу пойти, ибо, господин, кагана, по слухам, совсем нельзя увидеть» деген хат жолдайды.<sup>36</sup>

Жоғарыдағы деректерге талдау жасасақ, Түркі

ескерткіштеріндегі «Йінчұ өгізі» қазіргі Іле өзенінің батысындағы бір өзен деген қорытындыға келеміз. Вильгельм де Рубрук естелігіндегі Қарақытайлар тұрған тау Іле-Шу Алатауы, өйт-кени Қарақытайлардың астанасы Баласағұн немесе Құзорда қазіргі Қырғыз жеріндегі Бұрана. Олар қайықпен өткен өзен Шу өзенінің орта ағары, одан соң олар үлкен өзен алабына келеді, осы алапты Іле алабы деп топшылаймыз.

1259 жылы монғұлдың ұлы ханы Менкенің жарлығы бойынша Құлағу ханға кездесіп қайту үшін Чан Да атты адам Батыс Азияға аттанады. Осы сапар туралы жазылған «Батысқа елшілік сапардан естеліктер» деген енбекте мынадай құнды дерек бар: «Ақпанның 24 жұлдызында екі таудың ортасынан өткеннен кейін, кең жазықтың шетіне іліндік, мұнда халық өте тығыз қоныс-тан көрінеді, біз сапар үстінде бұл маңдан егістік жерлерді, айқыш-ұйқыш қазылған арықтар мен тоғандарды, күл-талқаны шығып күйреп жатқан ескі қалалардың қирандысын жиі кездестіре бастадық. Ондағы жергілікті тұрғындардан кей жағдайларды сұрастырғанымызда, олар бұл жер бұрынғы қидандардың ескі жұрты екендігін айтты.... Бұл маңда И-юнь өзені деп атапттын ағысы катты өзен бар екен, жергілікті тұрғындар бізге оны Сары өзен деп таныстыруды»<sup>37</sup>. Атамыш естелікте Шу алабы сөз болып отыр, И-юнь өзені Йінчұ өзенінің дыбыстық аудармасы, Шу өзенін мензейді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың дерегі бойынша, найман ханы Күшлік қарақытайлармен Бала-сағұн маңында шайқас жасайды: «Войска гурхана был далеко, и здесь он потерпел поражение. (Кучлук) ограбил его казну, которая находилась в Узганде, и оттуда направился в Баласагун. Гурхан находился там. В Джинудже произошло сражение. Кучлук потерпел поражение и большая часть его воиско окказалась в плену».<sup>38</sup> Атамыш кітапта Джинудж өзеніне «река выше Чу» деп түсінік береді. Джинудждың Йинуч немесе Яфинчтың фонетикалық

<sup>30</sup> Рубрук Г. Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Фылым, 1993. С. 110.

<sup>31</sup> Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (? – начало ?? в.). Алма-Ата: Наука, 1986. С. 36.

<sup>32</sup> Hudud al-Alam. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. P. 276.

<sup>33</sup> Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. С-Петербургъ, 1897. С. 70.

<sup>34</sup> Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Изв. АН КазССР. Сер. Археологическая. 1948. Вып. 1. №48. С. 88.

<sup>35</sup> Лившиц В.А. Древнее название Сырдарии // Вестник древней истории. 2003. №1.

<sup>36</sup> Фэн Чэнчжунь. «Сиой диминь» (Батыс аймақтың жер-су аттары). Чжунхуа шуцзюй, 1982. С. 106.

<sup>37</sup> Лившиц В.А. Юридические документы и письма // Согдийские документы с горы Муг. Вып. 2. М., 1962. С. 79.

<sup>38</sup> Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I-т. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 77 б.

өгеріске ұшыраған түрі болуы ақылға қонымды.

**Токар** Сюань Цзан сапар естелігінде Памир-дің батысындағы, Персияның шығысындағы, Гиндукуш тауының солтүстігіндегі, Сырдарияның оңтүстігіндегі жерлерді оңтүстік және сол-түстік деп екіге беледі де, Темір қалыптың солтүстігін Соғды, оңтүстігін Токар деп атайды. Батыс Түрік қағанаты тұсында аталмыш өнірлер Батыс Түрік қағанатының басқаруында болды<sup>39</sup>. Түркі мәтіндерінде кезігетін Токар осы өнірді мензейді. Сюань Цзан Соғды мен Токардың шекарасы болған Темір қалыпты «Түрік қамалы» деп атады.<sup>40</sup> Аталмыш қамал Өзбекстанның оңтүсті-гіндегі Дербенттің батысына қарай 13 км жерде.

**Тезік** Мәтінде «Тезік» этонимін Р. Жиро арабтар деп түсінеді, ері қытай деректеріндегі «Дашині» осының баламасы ретінде қарайды.<sup>41</sup> Махмұд Қашқари «Тажик» этонимін «парсылар» деп түсіндіреді<sup>42</sup>. 658 жылы Таң патшалығы Токар жерінде бірнеше тұтұқтық құрады(дудуфу), сонын ішінде Тяочжи тұтықты бар, оның орталығы Жагудавархана( Жагуда деп те аталады, қазіргі Ауганстандағы Фазни қаласы) болады.<sup>43</sup> Осы Тяочжи Тезіктің дыбыстық аудармасы.

**Тамағ Үйдүқбаш** Құлтегін ескерткішінде Қарлықтармен келесі шайқас Тамағ Үйдүқбаш деген жерде болады(КТб37).

Уш Қарлық тайпасы батыс түріктер мен шығыс түріктердің ортасында, яғни Алтай тауынан Алатауға дейінгі кең алқапта мекендейген.

Тамағ қытай деректеріндегі Дамо болуы, негізінен қазіргі Тарбагатай жоталары болуы ақылға қонымды.

**Қаракол** Қытай деректеріндегі «Сюанчи» топонимінің баспа-бас аудармасы Қаракөл.

Құлтегін ескерткішінде: «Tamaq yduq bapda

sъηьsdimiz. Kył-tigin ol sъηьyde otuz jaγajur erti. Alp yaluу aqyn binip oplaju tegdi. Eki erig udyryu sanidy. Qarluquy цыrtimiz, altymyz. Az bodun jaγu boltы. Qara kыltе sъηьpdimiz. Kył-tigin bir qutq jaraγur erti» (КТб41-42). Ю. А. Зуев: «Озера и уроцище Кара-кель находится на левобережье Сырдарьи, в двух километрах от русла по ее течению, выше От-рара» деген пікір ұсынады.<sup>44</sup> Ал Р. Жиро Қобдоның солтүстік шығысындағы 130 километр қашықтықтағы Қара норды түркі ескерткіштеріндегі Қаракөл деп қарайды<sup>45</sup>. Біздің пікірімізше, қарлықтардың сол кездегі орналасуы бойынша, Қаракөл қазіргі Алақөл болуға тиіс.

**Кену Тарман** Құлтегін түркілерді батыста «Кену Тарманға»(КТб21) дейін қондырады. Аталмыш топоним Білге қаған ескерткішінде «Кену Тарбан» (БК18) түрінде кезігеді. «Худуд ал-Аламдағы» топонимдерге негізделген С.Г.Кляшторный осы топонимді екі жер аты деп түсінеді де, Тарбанды Отырап, Кенүні Кунджа-дих деген қорытынды жасайды.<sup>46</sup> Ю. А. Зуев «передача топонимов парными сочетаниями несвойственна древнетюркским текстам» деген пікір айта тұра, Кляшторныйдың пікірін жақтайды.<sup>47</sup>

Кену Тарман этонимін алдынғы компоненті сын есім, ежелгі түркі топонимдерінде сын есім қосарлана жүретінін ескерген болатынбыз. Мәселен, «Алтын йыш», «Қара көл», «Чұғай йыш», т.б. «Кену» – кең, жайпақ деген мағынаға йе.

Қытай деректерінде Түркі қағанаты дәуірінде Чуло-мань, Чжэ-ло-мань, Ци-ло-мань, Шило-мань деген топоним жарыққа шықты. «Таң патшалығының жаңа тарихы. География баяны» И-у (казіргі Құмыл – Н. Кенжеахмет) тарауында: «...осы арада Чжэ-ло-мань тауы бар, ол Тянь-шань тауы деп те аталады»<sup>48</sup>.

<sup>38</sup> Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999. С. 336.

<sup>39</sup> Сюань Цзан. Датан Сиойцзи («Ұлы Тан әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар»). Чжунхуа шуцзюй, 1985. С. 100.

<sup>40</sup> Хуэй Ли. Да-цы-энь-сы Сан Цзан фаши чжуан («Да-цы-энь монастырындағы Сан Цзан бақсының өмірбаяны»). Чжунхуа шуцзюй, 1983. С. 30.

<sup>41</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 189.

<sup>42</sup> Махмұд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Түрк. Алматы, 2005. С. 366.

<sup>43</sup> Фэн Чэнчжунь. Сиой диминь (Батыс аймақтың жер-су аттары). Чжунхуа шуцзюй, 1982. С. 37.

<sup>44</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюроки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 176.

<sup>45</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 195.

<sup>46</sup> Кляшторный С.Г. Древнетюркские runические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964. С. 155-161.

<sup>47</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюроки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 175.

«Таң патшалығының көне тарихы. География баяны» И-у тарауында: « Тянь-шань тауы осы аймақтың солтүстігінде 120 ли жерде, тағы бір аты Байшань(Ақтау). Жергілікті халық оны Си-ло-мань тауы деп атайды».

XIX ғасырда Құмылдан табылған Таң патшалығы дәүіріндегі қытай генералы Цзян Синбэньның құлпытастында мынадай дерек хатталған: «(Цзян Синбэнь) чжэнъгуан жылнамасының 14 жылы (640 жылы) мамырдың 10 жүлдізы армиясын бастап И-у-дағы Ши-ло-мань тауына жетті, солтүстікте Хэйганько қарауылынан асып, 10 күнге жетпей зор жениске кол жеткізді»<sup>49</sup>.

Ортағасырлық қытай тілінде «чжэ», «си» мен «ши» дыбысының «ди» немесе «ти» болып дыбысталу занылдығы бар. Сондыктан, Чжэ-ло-мань, Си-ло-мань, Ши-ло-мань топонимдерін «Тарман» немесе «Таруман» деп атауға келеді.

Құлтегін, Білге қаған ескерткішінде әскери жорық пен түрік бодұның кондыру қымылышын географиялық аумағы өте айқын. Әскери жорықтары жер аттары нақты топонимдармен айқындалады, мәселен, «Құриғарұ Темір қапыға тегі сүледіміз»(КТб 17; Тон 46).

Түркі ескерткіштерінде елді кондыру аумағы 4 ірі таумен аталағы: шығыстағысы Қадырқан йыши, онгустіктегісі Құғай йыши, батыстағысы Кенү Тарман, солтүстіктегісі Қөмген йыши: «Iлgeý qadyrqañ jyruu apa bodunuý ania qonturtymuz. Ania itdimiz. Quryǵaru keńń-tarmanqa tegi týgýk bodunuý qonturtymuz. Ania itdimiz» (КТб 21). «Тýgýk budun ylesikiň býrige ișyǵay jyp Тыбы Тып Jazy qonaqyn tiser týgýk bodun yleskig» (КТм 6-7). «Kıgmen jir sub idisiz qalmazun – tijin, az qutqyz bodunuý i[tip] jarat[yp keltimiz. Sýńqyrdimiz ilin]» (КТб 20).

Түркі ескерткіштеріндегі Кенү Тарман немесе Кенү Тарбан қазіргі Тянь-шань тау сілемін мензейді, атальыш тау сілемі шығыста Баркөлден басталып, батыста Қаратаяға дейін созылып жатыр.

«Хұдуд ал-Аламда» Тоғыз оғыздардың территориясы егжей-тегжейлі баяндалған. Оның аумағы шығыс Тянь-шань өнірінде, астанасы Jinanjkath,

оның маңында Тафқан деген тау бар, таудың арт жағында бес қала бар... Тоғыз оғыздардың патшасы жазда Panjikath-та тұрады.<sup>50</sup> Тафқан тауын Минорский [t.rfan] деп түзетеді, әрі оны Турфамен (Turfan) байланыстырады<sup>51</sup>.

Jinanjkath-тың «Қарақожа», Panjikath-тың түрікше аты «Бесбалық» екені мәлім. Осы тау Құлтегін ескерткішіндегі Тарман екені дау тудырмайды. Хан патшалығы тұсында дәл осы арада «Данъхуань» елі, сол аттас «Данъхуань» қаласы болғандығын қытай деректері растайды. «Хань патшалығы тарихы. Батыс өнір баянында»: «Данъхуань елі, астанасы Данъхуань қаласы, Чань-аньнан 8870 ли қашықтықта» делінген. Данъхуаньды Тарманмен байланыстырысақ, осы топонимнің шығу тарихы жыл санауымыздан бұрынғы III ға-сырға йағни Fұн заманына тұра келеді.

«Сүй патшалығы тарихы. Батыс өнір баянында» Тұрған оазисіндегі Гаочан елінің солтүс-тігіндегі «Танъхань» тауы туралы дерек кезігеді: «(Гаочаның) солтүстігінде Ялқұнтағ бар, осы таудың солтүстігінде 70 ли жерде Танъхан тауы бар, жазда басында қар жатады». Осы Танъхань тауын қытай тарихшысы Юй Тайшан Урімжінің маңындағы Богда тауы деп санаиды.<sup>52</sup>

Ал «Таң патшалығының жаңа тарихы. Үйғыр баянында» Қырғыздар туралы құнды дерек кезігеді: «Қырғыздар ежелгі Цзянъкун елі. Жері И-удын(казіргі Құмыл) батысында, Яньцзиңін (Карашардың) солтүстігінде, Ақтаудың жанын-да .... онтүстігі Танман тауына жалғасады». Осы арадағы Танъмань тауы Танъхань тауының тағы бір жазбаша варианты болса керек.

Орталық Азияда өмір сүрген әр ұлт топонимдерді өз тіліне бейімдеп хатка түсіру занды құбылыс, түрлі авторлар жазған деректерде бір топоним түрліше жазылған. Әрине жоғарыдағы қытайша Данъхуань, Танъхан, Танъмань тауы, парсыша Тафқан тауы, түркіше Тарман екенінде дау жок.

Тафқан тауы қазіргі Тянь-шань тауы екенін «Хұдуд ал-Аламдағы» деректер растайды. Атальыш енбектің 5 тарауында Тафқан тауын Тоғыз Оғыздар

<sup>48</sup> «Синь Танишу» (Таң патшалығының жаңа тарихы). Чжунхуа шуцзой, 1958.

<sup>49</sup> Линь Мэйцунь. Хань-Тань Сиой юй Чжунго вэнъмин («Хань, Таң патшалықтары тұсындағы батыс өнір және Қытай өркениеті»). Вэнь-у баспасы, 1998. Р. 72.

<sup>50</sup> Hudud al-Alam. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. P. 94.

<sup>51</sup> Hudud al-Alam. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. P. 194.

<sup>52</sup> Юй Тайшань. Лянхан, Вэй, Цзинь, Нанбэйчао чжэнъши Сиой чжуань яо чжу ( Еki Хань, Вэй, Цзинь, Онтүстік-солтүстік патшалықтар рееси тарихнамаларындағы Батыс өнір баяны жөнінде комментарий). Чжунхуа шуцзой, 2005. С. 549.

мен Яғмалардың арасына орналастырады, атальыш таудың батыс бөлігі Ығрай-арт (Ighraj-art) деп аталағының, әр бөлігінің өз алдына аты бар екенін тілге тиек етеді.<sup>53</sup> Кенү Тарман Тянь-шань тауының батыс бөлігін мензесе керек, өйткені батыска созылған сайын тау сілемі кепін түседі.

«Хұдұд ал-Аламда» Тянь-Шань тауының он-түстік батыс жоталары Маниса тауы деп аталағы. Қатлам (Нарын) өзені осы таудан бастау алады<sup>54</sup>. Атальыш топонимнің түбірі «манды» ескерсек, түркі ескерткіштеріндегі Кенү Тарман тұтас Тянь-шань тауын мензесе, оның батысы Кен Ман, ал шығысы Тар Ман деп аталған ба?

**Мағы Құрган** Құлтегін ескерткішінде Мағы Құрган туралы «Mağu qırqan qyplap jazyşa oyuzyaru su taryqdyymuz. Kyl-tigin beg baplaju uqtumy whole» (КТ 648) дөлінген. Білге қаған ескерткішінде: ««Otuz artuqu eki] jarpuma Mağu qırqan qypladuqda jut bolty»» деп жазылған (БК 31). «Мағы Құрганды қыстадық» деген сөйлемге негізделсек, ол әрине қыстауға жайлы жер болуы керек. Қытай деректерінде Ма-и анғарындағы «Ма-и» атты қала туралы мәлі-меттер көзінеді. Атальыш аймақтың накты орны туралы бірнеше көзқарас бар: бірінші, қазіргі Ишкі Монғұлдағы Хылингирдің солтүстік батысы; екінші, қазіргі Ганьсу өлкесіндегі Цинян ауданы; үшінші, Шэнъси өлкесіндегі Шоусянь ауданы<sup>55</sup>. Осы өнірлердің бәрі ежелгі түркілердің ата қонысы. «Солтүстік Ци патшалығ тарихында» «(Жужандарды) Ма-и анғарына орналастырып, азық-түлікпен, торғын-торкамен қамдады, патшаның өзі Туріктерді Шоучжоуға дейін құды» деген дерекке негізделсек, түркі ескерткіштеріндегі Мағы Құрган осы Ма-и деуге негіз бар. Өйткені соңғы յероглиф «и»-«қала» немесе «құрган» деген мағына береді.

**Чұғай йыши** Қазіргі Ишкі Монғұлдағы Ин-шань тауы, атальыш тау сілемі Ишкі Монғұлдың орта бөлігі мен Хәбәй провинциясының солтүстігін ала шығыстан батыска қарай созылып жатыр.<sup>56</sup> Атальыш тау Тонұқұқ ескерткішінде «Чұғай құз» деп аталса, қытай деректерінде «Цзунцайшань» деп хатталды, мұны Чұғай тауының дыбыстық аудармасы

деуге келеді. «Құз» ежелгі түркі тілінде таудың терісінің жағы, құн түспейтін жағы<sup>57</sup>. «Ин-шаньының» мағынасы «Терісей тау» деген мағынада.

Тонұқұқ ескерткішінде Елтеріс қаған (Құтлық) туралы: «Yda tapda qalmysyy quubranyp jeti jyz boldy ...Bergje tabyanuγ, цңре qytanyγ, jyraja ogyzuyγ икъс ىك ىلurti. Bilig esi iab esi ben kirtym. Iiγaj quzyn<sup>2</sup>, Qara qumuγ olurur ertimiz» (Тон4-7) дөлінсе, «Таң патшалығының жаңа тарихы. Түрік баянында»: «(Құтлық) бытырап кеткен қауымның басын құрап Чұғай йышина бекінді және Қара-құм қаласын басқарды» деп Тонұқұқ ескерткішіндегі сөйлемді қайталаіды.

**Токұз Ерсен** «Birgerę̄ toquz ersenke tegi syledim. Тыртке kiiig tegmedim» (КТм3). Осы топоним немесе этномим жөнінде талас пікір көп, ғалымдардың бірі оны топоним десе, енді бірі этномим деген пікір ұстанады<sup>58</sup>. Ал Ю. А. Зуев Тоғыз Ерсен туралы: « древнетюркская слово ersen восходит к древнеиндийскому rasayana “источник”. Сочетание Токуз эрссен (Девять источников) – это название области, конечного пункта древнетюркских походов на юге и первой половине VIII в. И калька китайского названия обширной территории современного автономного района Внутренней Монголии по левобережью северной излучины Хуанхэ—Цзю-юань (Девять источников)»<sup>59</sup>. Осы арада Ю.А. Зуев ағаттық жіберген, Цзю-юаньының аудармасы «Тоғыз Қайнар» (Девять источников) емес, «Тоғыз жазық». Ал Түркі заманында Ишкі Монғұл аумағы түркі-лердің өз жері болған, түркі империясының он-түстік шекарасы емес. Түркі ескерткішіне талдау жасасақ, біріншіден, осы жорық онтүстікті бетке алған, екіншіден, Тибетке сәл жетпеген. Бірсыныра ғалымдар Тоғыз ерсенді түріктердің онтүстігіндегі, Тибеттердің солтүстігіндегі «ту-гу-хуньмен байланыстырады. Атальыш этнос қазіргі Цинъхай көлінің маңында Ту-гу-хунь елін құрады.

Сол тұста қазіргі онтүстік Шынжан Тибет-тердің билеуінде екенін ескерсек, Тоғыз ерсенді Токсұнмен байланыстыруға болады. Тоқсұн тарихтан бері

<sup>53</sup> *Hudud al-Alam*. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. P. 62.

<sup>54</sup> *Hudud al-Alam*. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. P. 73.

<sup>55</sup> Қытайдың тарихи жер-су аттары сөздігі.

<sup>56</sup> Кенжеахмет Нұрлан. Сүйбтан табылған Таң патшалығы дәүіріндегі құлпытас және осыған қатысты мәселелер // «Ши сюе цзикань», 2007. №6.

<sup>57</sup> Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 475.

<sup>58</sup> Giraud René. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 189.

Шынжаның солтүстігі мен онтүс-тігін жалғастыратын маңызды торап. Қытай деректерінде Токсұн атауы орта ғасырлардан бастап белгілі. Топоним түркше «тоқсан» немесе «тоғыз» сөзіне байланысты шыққан. «Сиой тунвэнъжи» кітабында: «турікше Токсан тоқсан деген мағынада. Тоқсан отбасы қоныстан-ғандактан, осылай аталған» деген дерек кезігеді. Ал Се Бинь өзінің «Синьцзян юцзи» атты еңбе-гінде: «Токсан жайшылықта Цзютай деп алады» деген мәлімет береді. Цзютайдың мағынасы «Тоғыз қарауыл» немесе «тоғыз өртен».

**Тұн йазы** «Тыгък будун ылесікін біріje ииңај jур тьбы, Тын Jazy qonaјун tiser тыгък bodun ылескіг» (КТм 6-7). С. Е. Малов Тұнйазын «Тюнская равнинна?» деп күмәнмен аударады.<sup>60</sup> Осы арадағы Тұн йазы Чжун-юаңы жазығын мензесе керек. «чжун» – орта, «юаңы» – жазық деген мағынада. Ортағасырлық қытай тілінде «чжун» йероглифі «тұн» немесе «тұн» деп дыбысталады. Аталмыш жазық қазіргі Хуанхэ өзенінің орта және төменгі аңғарын қамтиды, ежелгі Қытай өркенистінің бесігі.

### 2. Білге қаган (683–734 жж.) ескерткішіндегі этнонимдер мен топонимдер

Әрпен «Alty otuz jaуута иік bodun quutqyz birle jaуу boldy. Kem кесе иік тара syledim. Цренте съηьдим. Sъsin sanuудым. Jeti otuz jaуута qutqyz tapa suledim» (БК26). Мәтін мазмұнына жүгінсек, Әрпеннің топоним екені көрініп тұр. Ұлғұ Кем өзенінің сол тармағы Чая-Холь таяу маңында Урбюн деген жер бар.

**Арғұ** Зерттеушілер осы топонимді Антарғұ деп оқиды.<sup>61</sup> Біздің пікірімізше, «анта» сөзі «ол», «онда» деген мағына беретін сөз. Топонимдердің алдында осы тектес сөздер қосарлана журу ба-йырғы түркі тілінің ерекшелігі болып табылады.

Мәтіннің осы тұсы Құлтегін мәтініндегі ескери жорықты қайталайды. Алайда құлтегін ескерткішінде Арғұ топонимі көзікпейді. Екі мәтінді салыстырайық:

«Bir jylqa bis joly съηьрдимиз. Ең ilki **toyu balyqda** съηьсдимиз. Kы-tigin azman aqy binip oplaju tegdi. Alty erig sanuudy. Sъ [ta]yysynda jitini erig quylyulady. Ekinti **qupluуqda** ediz birle съηьрдимиз. Kы-tigin az jaуyzyn binip oplaju tegip bir erig sanuudy. Toyz erig igire toqydy. Ediz bodun anda

clti. Ыиңи **bo[...]**da oyz birle съηьрдимиз. Kы-tigin azman aqy binip tegdi, sanuudy. Sъsin sanuudymyz. Ilin altymyz. Тцтъни **ииу бауында** съηьсдимиз. Тыгък bodun adaq qamaq ytdy jablaq bolta[иу] erti. Oza kelmis sъsin Kы-tigin ayytyp тоңра bir uyp alrau on erig тоңа-tigin joyynda igirip църтимиз. Bisinui **ezgenti qadazde** oyz birle съηьсдимиз. Kы-tigin az jaуyzyn binip tegdi. Eki erig sanuudy. Balyyq[q]a barmadы. Ol съ anda ү[ti]. Maғy qoryan qyplap jazyңа oyzarу su tapyqdymyz. Kы-tigin beg baplaju уqtymyz. Oyz jaуу orduy basdy» (КТб 44-46).

«**Bir jylqa тцтъ joly съηьсдим. Ең ilki **toyu balyqda** тоyla цбъзға jьzти кеңір. Sъsi [kelti]. Ekinti anda arғуда** съηьсдим. Sъsin sanuudym [... ы]иңи **[ииу бауында** съη]ьсдим. Тыгък bodun adaq qamas yt[t]y, jablaq boldauy erti Oza jaңа keligime sъsin ayyt(t)um. Іккь үлтепи anda tirilti. Anda тоңра jyлraуuty bir oysusy тоңа tigin joyynda igire toqydym. Тцтъни **ezgenti qadazda** съηьсдим» (БК30-31).

Мәтіннен Құлтегін мен Білге қағанның екін-ші рет бірі Құшлығықда, бірі Арғұда соғысқанын байқаймыз. Құлтегін мәтініндегі үшінші шайқас болған жердегі руника өшкін болғандықтан, С. Е. Малов «бо...нда» деп оқиды.<sup>62</sup> Махмұд Қашқарі Тараз бен Баласағұн арасындағы жерлерді Арғұ деп атайды ары «өйткені олар екі таудың арасына орналасқан» деп түсінік береді.<sup>63</sup> Алайда осы реткі шайқас Тұғла өзені маңында, яғни оғыздарға қарсы ашылғаны мәлім. Оғыздар Тұғла өзені мен Орхон өзені аралығында, түркілердің солтүстік шығысында өмір сүрген.

Рашид ад-Диннің дерегіне сүйенсек, арқұй тайпасы Арғұн(Эргун) өзенінің батысында өмір сүрген тайпа.<sup>64</sup> Аталмыш топоним арқұймен байланысты болса керек.

### 3. Тонұқұқ ескерткішіндегі топонимдер

**Қаракұмұғ** «Таң патшалығының жаңа тарихы. Түрік баянында» «Хэйшачэн» деп хатталған, баспа-бас мағынасы «Қаракұм қаласы». Осы деректен біз Қаракұмұғтың кала екенін анғарамыз. Қытай ғалымдары Хэйшачэнды қазіргі Ішкі Монғұлдағы Хух-Хото қаласының солтүстігіндегі 30 км жердегі У-чуань ауданының аумағында деген пікір айтады<sup>65</sup>.

<sup>59</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 60.

<sup>60</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности — Тексты и исследования. М., Л., 1951. С. 34.

<sup>61</sup> Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 45.

<sup>62</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности — Тексты и исследования. М.; Л., 1951. С. 32.

Құрдан «Цңре qytanda, berije tabyaunda, quryja qurdanda, jyguja oyuzda eki ы буң сымиз, kelteimiz, bar mu ne? Аниа отынтым» (Тон 14). Мәтінде төніректің төрт бұрышындағы төрт ел тілге тиек болып отыр, мұның батыстағысы Құрдан. Тонұққызың батыстағы жауы Түркеш қағанаты немесе он оқелі, Құрдан соларды мензесе керек. Түркі тілінде «құры» сөзі «батыс» деген мағынаны береді. Соңғы «дан» сөзі «тау» мағынасын берсе керек, түркі тілдерінде «н» дыбысының «й» дыбысына алмасуы табиғи құбылыс.

Немесе Құрдан Қорығанның өзгерген түрі болуы ақылға қонымды. Түркі тілдерінде Қорыған «әскери лагер». <sup>66</sup> Осы топоним қазіргі Кордай асуында сакталған болуы мүмкін. Ежелгі Түркештердің ордасы осы Қордай төнірегінде болған.

Клаусон мен Байләй Құрданды Хотанның түрікше аты деген пікір ұсынады<sup>67</sup>.

Могон Шине Усу ескерткішінде Qasar Qordan топонимі кезігеді, мәтін мазмұнына негізделсек ол Өтукеннің батысындағы Тез өзенінің жоғары ағарында.<sup>68</sup>

**Ек тағ** Тонұққық ескерткішінде мынадай сөз болады: «Biz jeme syledimiz, any irtimiz. Jini ысызиг кеңе tinesi oyly jatyma beñligeke taýy.... Temir qaruuqa tegi irtimiz. Anta janturtymyz inel qayanya [ . . . . ] үүqa tezik, toqrysyn» (Тон 44-45)<sup>69</sup>. Beñligeke тау-ты С. Е. Малов Бянглигяк тауы деп аударады. Бірсынша ғалымдар осы топонимді екіге бөліп «Бенлік Ек тағ» деп оқыды<sup>70</sup>.

Пахлави тілінде жазылған «Шахристаниха-и Еран» атты еңбекте түркі қағандарының ордасы түрған «Ек тағ» сөз болады.<sup>71</sup> Жоғарыда аталған Цзя Дань естелігіндегі «Цзедань тауының» ортағасырлық қытай тіліндегі дыбысталуы «ек-таг» немесе соған

жуықтау. Жыл санауымыздың 568 жылы Византия елшісі Zemarchus Ectagda(Ектағ) батыс түркі қағаны Dizabuls-тың қабылдауында болады. Zemarchus: «Ectag, грек тілінде Алтынтау деген мағына береді» дейді<sup>72</sup>. Тағы бір грек авторы Feofilakt Simokatta Түркі қағандарының үнемі тұратын тау Алтын тауы екенін сөзге тиек етеді<sup>73</sup>. Ал қытай деректерінде Ікі Өгүз бен Ыстық көлдің маңындағы түркі қағандарының ордасы «Цзинь-я-шань» тауы туралы молынан дерек көзігеді, қытайлар Түркі қағаны Хэлудын ордасын осы «Цзинь-я-шаньда» ойрандайды. «Цзинь-алтын, «я»-орда, «шань»-тау деген мағынада. Сондықтан, «Цзинь-я-шаньды» Ектағ деп айтуда негіз бар. Р.Жиро «ек» сөзі «алтын» сөзінің байырғы түрі, кейін оның орнын «алтын» сөзі басқан деген тұжырым айтады.<sup>74</sup>

**Бін үліг** Тонұққық ескерткішіндегі «Ектағдың» алдындағы «бенліг» сөзі туралы ғалымдар түрлі болжамдар жасады.<sup>75</sup> Р. Жиро «бенлігті» «менді» деп түсіндіреді.<sup>76</sup>

Біз Тонұққызың осы сөйлеміне былай транскрипция жасаймыз: «Йінчұ өгүзіг кече Тінсі оғлы йа-тығма бің үліг ек тағығ ертү... Темір қапығқа тегі іртіміз. Анта йантұртымыз Інел қағанқа.... ығқа Тезік, Токрысын». Мәтіндегі «Бін үліг» (көне түркі тілінде «бін» сөзі «мын», ал «иул» немесе «иұл» сөзі «бұлак» деген мағынада, «үліг» «иұлактың» алғашкы түрі деген қорытынды жасаймыз) «мын бұлакты» деген мағынаға ие. Аудармасы: «Інжу өзенін кеше, Тінсі ұлы тұратын мын бұлакты Ектауынан асырып... Темір қақпаға дейін құдық. Содан қайтардық. Інел қағанға... Тәжік, Тоқарысымен».

Біңюл туралы деректер «Да-цы-энь-сы Сан Цзан фаши чжуан» («Да-цы-энь монастырындағы Сан Цзан бақсының өмірбаяны») кезігеді: «Осы арадан

<sup>63</sup> Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. Алматы, 2005. С. 125.

<sup>64</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. 2002. С. 60.

<sup>65</sup> Ян Шэнминь комментарийын жасаған: «Цзы – чжи- тун- цзянь Ту цзюе хуэйхэ шиляо цзяо чжу» (Цзы – чжи- тун- цзяньдағы Түркі, Үйгыр тарихи деректеріне комментарий). Тяньцзинь гүзі баспасы, 1992. С. 161.

<sup>66</sup> Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 458.

<sup>67</sup> Some notes on the inscription of Tonuquq // Studia Turcica. Budapest, 1971. P. 127-128.

<sup>68</sup> Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. СПб., 2006. С. 132-133.

<sup>69</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности — Тексты и исследования. М.; Л., 1951. С. 60-69.

<sup>70</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Tures d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 182.

<sup>71</sup> Пигулевская Н. Города Ирана в раннем средневековье. М.; Л., 1956. С. 115.

<sup>72</sup> Yule H. Cathay and the Way Thither. V. 1-2. London, 1866. V. 1. P. CLX-CLXVI.

<sup>73</sup> Феофлакт Симокатта. История. М., 1957. С. 161.

<sup>74</sup> Giraud Rene. L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Tures d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. P. 182.

батысқа қарай 400 ли жүрген соң, Бин-юге жеттік, бұл мың бұлақ деген мағынада. Аталмыш жер неше жүз лиге созылады, бұлақты, саздауыт келеді, ғажайып ағаштарға мол, орманы бітік, ауасы жанға жайлыш, қағанның жайлайтын жайлайуы<sup>77</sup>.

1542 жылы Ма Ли қатарлылар құрастырыған «Шәнисидін жалпы шежіресінің» 10 томында «Батыс өңірдін жер-сусы мен адамдары жайлыш картасы» атты Орталық Азияның картасы салынған, оған түсінік жасалған бөлімі «Батыс өңірдін жер-сусы мен адамдары жайлыш шолу» деп аталды. Картадағы «Минъюнь» деген топонимді «Біңюл» деп топшылаймыз<sup>78</sup>.

«Хұдуд ал-Аламның» Тұхси тарауында Тұхсильдардың қалалары егжей-тегжейлі таныстырылады. Суяб пен қатар Биглилиг(Biglilik) қаласы аталағы. Аталмыш қаланың соғдыша аты S.m.kna.<sup>79</sup> Карл Байпаков Биглилиг қаласының Баласағұн қаласы деген тұжырым жасайды.<sup>80</sup> Тұркі ес-көрткішіндегі Біңүліг осы Биглилиг болуы ақылға қонымды. «Тарих-и Рашидидағы» Міңлак топо-нимі Міңолақтың өзгеріске түсін түрі.<sup>81</sup>

VII ғасырдың орта шеніндегі Суяб үш империяның – Тан, Тибет, Тұрк империясының таласатын жері болды.<sup>82</sup> Тибет пен Тан империясы өз мұдделеріне бола, Батыс Тұрк қағанатының қағандарынан өз жактастарын қарастырып, марионеттік қағандарды сайлады. Ал қытайлар қойған түркі ашина қағандар «Тяньцы» (көктің ұлы) атағын алған болуы мүмкін, тұркі ескерткіштеріндегі «тінсі» осының дөлелі. Ал 690 жылы Шығыс Тұрк қағаны Құттық Суябы бір мезет өз уысында ұстайды. Батыс тұркітін марионеттік қағандары ішкі Қытайға кетуге мәжбүр болады. Арада Түркештер Суябының тізгінін біраз уақыт ұстаған соң, 699 жылы Шығыс тұркітерге Суябының билігі қайта етеді.

**Аны сұб** Тонұқұқ ескерткішіндегі қырғыз жеріндегі өзен аты. Р.Жиро оны Абакан өзенінің бір

саласы Она өзені деп түсінеді<sup>83</sup>.

**Ярыш язы** Қытай деректерінде «е-ло-си-чуань», «до-ло-си-чуань». «Көне Таңнама. Тұрік (2)»: «Ашина Хәлү... Долоси жазығында орда тікті, ол Сичжоудың(казіргі Тұрған) солтүстігінде 1500 лиге созылып жатыр» делінсе, «Жаңа Таңнама. Тұрік (2)» осы топоним «е-ло-си-чуань» деп хатталады. Соңғы «чуань» сөзі анғар немесе жазық деген мағына береді. Осы топонимдер түркі ес-көрткіштеріндегі Ярыш язы. Қытай деректерін-дегі аталмыш жазық Алтай тауының онтүстігінде, Екі Өгіздің шығысында. Біз мұны Жұнғар ойпаты деп топшылаймыз.

С. Г. Кляшторный Ярыш языны Шу өзенінің жоғары ағарындағы Кочкор анғары деген пікір ұсынады<sup>84</sup>. Кочкор анғарының ұзындығы 80 км, ені 20 км. Уш жағынан тау қоршаған, тек онтүстік батыс жағынан ғана Шу алабына тұтасады. Мұны жазық деуден көрі, анғар деуге келеді. Ежелгі түркі жазбаларындағы «язы» сөзі ірі-ірі жазықтарды мензейді.

#### 4. Онгин ескерткішіндегі топонимдер

Аталмыш ескерткіште екі топоним көзінеді: **Болтұқ** (Осб) және **Қамыл балық** (Оа 9).

**Болтұқ** С. Е. Малов «Болтұқды» топоним деп есептемей, етістік ретінде аударған.<sup>85</sup>

Мәтін мазмұны бойынша, Болтұқта түркілерге Тоғыз Оғыздар жау болады: «Teñirkenke isig bertïq tejin jarylqamys. P<sup>2</sup>ad aty<sup>y</sup> anda bermis. Boltuqda toquz oyz beg[i] jayy ermis. Bedyk ermis. Teñirken jory[mys]» (Осб).

Тоғыз Оғыздар кімдер?

Ежелгі қытай, араб, парсы деректеріне жүгінсек, Тоғыз Оғыздар Тяньшань тауының шығыс сілемін мекендеген халық. Араб деректерінде Тоғызғұз деп хатталған. ал-Истаҳридың дерегі бойынша, Тоғыз Оғыздар Тибет, Қарлық, Қырғыз және

<sup>75</sup> Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники runического письма. СПб., 2003. С. 188-197.

<sup>76</sup> Giraud Rene.L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. Р. 182.

<sup>77</sup> «Да-цы-энь-сы Сан Цзан фаши чжуан» («Да-цы-энь монастырындағы Сан Цзан бақсының өмірбаяны»).

<sup>78</sup> Шао Госю. Чжунго сицзянь фанчжи хузэйбянь. Пекин: Чжунго гошуғуань вэньсянъ совэй фучжи чжунсин иниин гуцзи, 1997. С. 207-216.

<sup>79</sup> Hudud al-Alam. Translated and explained by V. Minorsky. London, 1937. Р. 99.

<sup>80</sup> Байпаков Карл. Древние города Казахстана. Алматы. 2007. С. 330.

<sup>81</sup> Мухаммед Хайдар Дулати: Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999. С. 95.

<sup>82</sup> Кенжеахмет Нұрлан. Суяб археологиясы және Қытай мен Батыс арасындағы мәдени қарым-қатынас»: док. дис.

<sup>83</sup> Giraud Rene.L' Empire Des Turcs Celestes: Les Regnes D' Elterich, Qapghan et Bilga (680–734 ). Contribution a L' histoire des Turcs d' Asie Centrale. Librairie d' Amerique et D' orient. Paris, 1960. Р. 178.

<sup>84</sup> Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. СПб., 2006. С. 359.

Чин аралығында өмір сүрген халық.<sup>86</sup> XX ғасырдың 80-жылдары баспадан шыққан «Қытай тарихының атласы» 5 бөлімі «Сичжоу Үйғырлары, Хотан, Тоғыз Оғыз, Қарлықтардың орналасуы» картасында Тоғыз Оғыздар Қарлықтар мен Сичжоу (Тұрфан) Үйғырларының аралығына, Іле Өзені алабына орналастырылған.

Сондыктан, қазіргі Монголия мен Қытай шекерасындағы Бейтік тауын ежелгі Болтұқ деуге негіз бар. Бейтік тауы кеңістік жағынан алғанда солтүстік ендік 42°, шығыс бойлық 91° алқапқа орналасқан, осы алқап ежелгі Тоғыз Оғыздардың мекені, оның оңтүстік жағында Барскөл (қазіргі Баркөл) мен Тұрфан оазисы жатыр, оңтүстік шығысы Құмыл алқабына тұтасады.

**Қамыл балық** Онггин ескерткішіндегі екінши топоним «Қамыл Балық». С. Е. Малов «Qamuq balyq[qa] tegdim. qunladym, aldyn. Sıssi kelti. qarasyn jyudytm. Begi qaudy» (Оа 9) деп оқып, «я напал на многие города» деп аударған.<sup>87</sup> Ескерткіштің бірінші сөз мәтіні былай: «Қамыл балық». Бедізші әріп салғанда, соңғы «л» әрпі «ұқ» әрпі формасында салынған. Сондықтан бірсызыра зерттеушілер осы топонимді «Қамұқ» немесе «Қамұғ» деп оқыды<sup>88</sup>. «Қамұғ» көне түркі тілінде «барлық», «түгел» деген мағынада. Ал Текин «Қамыл» деп дұрыс оқыды.<sup>89</sup>

«Қамыл балық» казіргі Шынжандағы Құмыл

қаласы. Аталмыш қала Тұрфанның табылған көне үйғыр тілінде жазылған манихейдік жазбаларда «Қамыл», Дуньхуаннан табылған көне үйғырша жазбаларда «Қамұл» немесе «Қамыл» деп хатталған<sup>90</sup>. «Юань патшалығы тарихында» «Хамили», «Хамәйли» түрінде көзігеді.<sup>91</sup>

<sup>85</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.; Л., 1959. С. 8-10.

<sup>86</sup> Abu Ishak al-Farisi al-Istakhri. Viae regnum descriptio ditionis moslemicae // Ed. M. J. De Goeje. Lugduni Batavorum. 1870 (BGA. I). Р. 9-10.

<sup>87</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.; Л., 1959. С. 8-10.

<sup>88</sup> Қаржасаубай Сартқожса. Орхон муралары. Құлтегін, 2003. 142 б.

<sup>89</sup> Tekin T. Grammar of Orchon Turkic. Bloomington, 1968. Р. 245.

<sup>90</sup> Ню Жучэнъ. Синь Алтытайой димин тәдянь // Алэтай сюе луньцун. № 1. Синьцзян дасюе баспасы. 1994. С. 133.

<sup>91</sup> Фэн Чэнчжунь. Сиий димиин (Батыс аймақтың жер-су аттары). Чжунхуа шуцзюй, 1982. С. 31-32.

## Түркі ескерткіштеріндегі топонимдер мен этнонимдер кестесі

Күлтегін	Білге қаған	Тонұқұқ	Түсінік
1. Яшыл өгүз	Яшыл өгүз		Хуанхэ
2. Шандұң язы	Шандұң язы	Сандұң балық	Хэбэй жазығы
3.		Ұсын бұндағұрт	
4. Қадырқан йыши	Қадырқан йыши		Улкен Хинган тауы
5. Темір Қапығ	Темір Қапығ		Дербент
6. Кенұ Тарман	Кенұ Тарбан		Тянь-шань
7. Көгмен	Көгмен йыши		Таңу ола
8. Чұгай йыши	Чұгай йыши	Чұгай құз	Иньшань
9.		Қара құмұғ	Хэйшачэнъ
10.		Құрыдан	Қордай
11. Тұн язы	Тұн язы		Чжунюань жазығы
12. Үйдүк Өтүкен йыши	Үйдүк Өтүкен йыши		
13. Өтүкен йыши	Өтүкен йыши	Өтүкен йыши	
14.	Үйдүк баш		
15.	Кем		
16.	Өрпін		Тывадагы Урбюнь
17. Алты құб соғдак			
18. Йір Байырқу	Йір Байырқу		Далайнор
19. Тұргі Яргұн көл			
20. Соңа йыши	Соңа йыши	Алтұн йыши	Алтай
21. Алтұн йыши	Алтұн йыши	Ертіс өгүз	Ертіс
22. Ертіс өгүз	Ертіс өгүз	Болчу	Болат
23. Болчу	Болчу		Үрімжінің шығыс солтүстігіндегі Бесбалық
24.	Бесбалық		Талас
25. Табар(Талас)			Шу
26. Йінчұ өгүз	Йінчұ өгүз	Йінчұ өгүз	Мыңбулақ
27.		Тінсі оғлі ятағма	Қытай деректеріндегі Алтын орда тауы –
28.		Біңүлік	Цзинъшань
29.		Ек тағ	
30. Кенрес			
31. Тамағ ыдық баш	Тамағ ыдық баш		Қытай деректеріндегі Дамо
32. Қара көл			Алакөл
33. Тогұ балық	Тогұ балық		
34.	Тогла өгүз	Тогла	Тұғла өзені
35.		Кек өңүг	
36.	Арғұ		
37. Құшлұғұғ Құслагақ (Құшұлагақ)			
38.			
39. Чұш башы	Чұш башы	Ақ Термел	
40.			
41.			
42. Езгенті қадаз	Езгенті қадаз	Аны сұб	Енисей
43. Мағы Құрган	Мағы Құрган	Ярыш язы	Жұнгар ойпаты
44.	Ағұ		
45.	Селеңе		
46.	Караган қышыл		
47.	Төңкер тағ		
48. Соғұд			Селенгі өзені
49. Тоқұз Ерсен	Тоқұз Ерсен		
50. Тұпұт	Тұпұт		Соғдылар
			Тоқсұн
			Тібет